

ЕР ЕСІМІН ЕСКЕ САҚТАЙЫҚ

Мың өліп, мың тірілген қазақтың өткен ғасырда басына түскен ауыртпашылықтар мен қиындықтарды бір кісідей көтере білген, елінің азаттығы мен халқының амандығы үшін жанын шүберекке түйіп жанқиярлықпен ерлік көрсеткен, артына өшпес із қалдырған аға ұрпақтың өкілі аты Сарыарқаға мәшһүр өмірден өткен Дүйсембеков Камали Жұматайұлының туғанына үстіміздегі жылдың 26 желтоқсанында 100 жыл толады. Өмір жолында маған қамқоршы, ұстаз болған Ұлы Отан соғысының хас батыры, “Даңқ” орденінің 3 дүркін иегері Шет, Жаңаарқа аудандарының, Қарағанды қаласының, Қарағанды облысының “Құрметті азаматы” Камали Жұматайұлы жалындаған жастық шағын небәрі 17-20 жас аралығында ірі тарихи шайқастарға қатысып, соғыстың ең қиын қыстау өткелінен өткен жігіттік бозбалалық кезін қырғын шайқасқа арнап, Кәмекең ерте есейеді.

Кәмекең алғашқыда Волгоддада құрылған III атқыштар дивизиясы құрамына қабылданып, Москваның маңындағы Нокинский ауданында үш айға жуық уақыт әскери жаттығудан өтеді. Жаттығу ойдағыдай өткен соң ағаны 4 Украина майданындағы 13 корпусқа қарасты 2-екпінді гвардиялық армияның III атқыштар дивизиясының 77-і полкіндегі неміс ауыр танкілеріне қарсы тұратын арнайы ротаға жібереді. Онда Кәмекең танк атқыш (ауыр танктерді талқандайтын қарудың иесі болады) номер 1 жауынгер ретінде алғашқы ұрыстарға қатысады. Бұл жолғы айқас аса ауыр, сұрапыл жағдайда өтеді. Ол Ұлы Отан соғысының тарихында қалған Сталинград үшін шайқас еді. Жоғарыда аталған атқыштар дивизиясы Тамбов, Пенза облыстары және Рузаевка, Калаш станциялары арқылы 1942 жыл қараша айында Сталинград түбінен бірақ шығады. Соғыстың осындай ауыр қаһарлы күнінде бас қолбасшы генералиссимус И.В.Сталиннің “Ни шагу назад” деген әйгілі бұйрығы қабылдағанда майданның осы кезеңінде Совет Армиясы барша бөлімшелерінің жағдайы өте қиын еді. Барлық маңызды биіктер мен әскери стратегиялық орындарға мықтап бекіген жаудың алапат горнизондары оңайшылықпен алдыртпайды. Жоғарыда ұяда отырған жау миноменттері әуеден соққылған жау ұшақтары, жаяу әскерін артынан қаптата ауыр артиллериясы мен ауыр танктерді атақаға көтерілген Совет Армиясын бас көтертіп ес жигызбады.

Дегенмен, де Кәмекең ағамыздың есінде қалған Же-

ңіске тезірек жетуге көмектескен көрер көзге елеусіздей болып көрінетін мынадай бір жайт “аққа жақ” - дегендей Жаратқанның қалауымен қарашада жауған қалың қардың көмегі көп тиеді.

Қар қалың жауып, аяғы боранға ұласып, даланың бәрі ақ қар көк мұзға айналды. Осының әсерінен жау әскерлерінің соғысу қабілеті төмендеп, олардың соғысу техникаларының аспанда да жерде де шайқастарына үлкен кедергі келтіргенді. Дәл осындай кезде жауынгер К.Дүйсембеков отырған танк атқыш рота секілді арнайы қарулармен қаруланған ауыр артиллериялары мен ауыр танктерді артатын рота, взводтардың шабуылы өте маңызды болды.

Сонымен қатар, көп құрбандық болса да қайта-қайта шабуылға көтерілген біздің армия бірнеше дүркін қиян-кесті ұрыстардан кейін, әйгілі стратегиялық “Шеңбер” әскери операциясы бойынша фашистердің Сталинградтағы қорғаныс-шебін бұзып-жарып оларды қаладан қуып шығарады.

Сталинградтты қорғаудағы көрсеткен ерлігі үшін 1943 жылы 3 дәрежелі «Даңқ» орденімен наградталды.

Кәмекеңнің әскери бөлімі Дон өзеніне бет алып, жолда көптеген елді мекендерді Ақсай, Новочеркасск қалаларын басқыншылардан азат етеді.

1943 жылы қаңтар айында қайтадан толықтырылған №111 атқыштар дивизиясы жаңа құрамда Кәмекеңдер жүрген әскери бөлім Ростов қаласына табан тірейді. Кескілескен ұрыстардың нәтижесінде қаланы жау қолынан азат етеді. Әрі қарай Украинаның бірнеше қалалары мен елді мекендерін жаудан азат етіп, ауыр ұрыстар мен шайқастарды бастарынан өткізіп, отқа оранып, суға малышыған сарбаздардың қатарында Камали аға да жүреді. №2 екпінді армияның құрамындағы III атқыштар дивизиясы 1944 жылдың басында Крымды азат етуге бағыттайды. Мықтап жау бекінген тарихта “Түрік орын” (Турецкий вал) деген атпен аталатын ұзындығы 30-40 шақырым, ені мен тереңдігі 25 метрге созылған ор) Евпатория, Симферопль, Севостополь, Сака, секілді ірі қалалармен елді мекендерді жау қолынан азат етуде № III атқыштар дивизиясының гвардия аға сержанты Камали Жұматайұлының осы шайқастарда көрсеткен ерлігі ерекше болды.

Ағамыздың ерліктері туралы архив құжаттарына сөз берсек: Наградной лист (ферма бойынша наградаға ұсынылған жауынгерлердің деректері көрсетілген) 31 июля 1943 года в бой под селом



Степановка при отражении контратаками танков противника огнем из ружья ПТР уничтожил танки противника и из винтовки истребил 8 солдат и офицеров противника. 14 января 1944 года в бою в районе Б.Лепешихи умело командовал отделением при отражении контратаками противника лично сам из ружья ПТР уничтожил 4 гитлеровца. Достоен представлению к Правительственной награде Орденом Отечественной войны II степени.

Командир 72 Гвардейского полка Гвардии майора Шепелев от 23.03.1944 года.

Приказом командира 24 Гвардейской стрелковой дивизии №22/4 от 22.04.44 года награжден орденом «Славы» III Степени.

Соғыс уақытында асығыстықтан қалайша Кәмекең екінші рет III-дәрежелі «Даңқ» орденімен марапатталған. Бұл марапатты Кәмекең бұрын 1943 жылы алғанды. Сол себепті 1944 жылдың қыркүйек айындағы берілген «Даңқ» орденінің екінші дәрежесі де, бір саты жоғары болу керек еді. Бірақ та бұл құжаттарда жіберілген кемшіліктер ағамыздың Батыр екеніне ақау түсірмейді. Камали ағамыздың соғыс пен бейбіт өмірде қандай марапаттар мен наградаларға ие болғанына ауданыңыз, облыстың зиялы қауымы мен қалың жұртшылығына аян.

Әрі қарай 1944 жылдың сәуір айының басында майданның алғы шебінде жүруге арналған майор Бузанов басқарған екі үлкен штурмдық отряд құрылып (отряд құрамында 5 катюша, 76 зеңбірек, 10 шақты соғыс машинасы және 200-дей солдат т.б қару-жарақпен қаруланған) оның құрамына өз еркімен сұранып кірген Кәмекең, ауыр шайқастарда талай фашистерді құртып, көзге түседі. Осы шайқастың бірінде Камали ағамыз оң жақ иығынан ауыр жарақаттанады. Бұл 1944 жылдың 6 мамыры болатын. Иркутск қаласындағы госпиталда 6 айдай емделіп, 1944 жылы қыркүйекте туған елге аман-есен оралады. 1945 жылы Марфуга Түсіпбекқызымен отбасын құрып, өмірге 10 перзент әкелген асқар тау әке, аяулы ана атанады.

Аға буынның өкілі Камали ағамыз бен әкелеріміздің жанқиярлық ерліктерінің арқасында неміс-фашист бас-

қыншыларынан Отанымыздың азаттығын қорғап қалды. Олардың алдында кейінгі ұрпақ біздер және бүгінгі жастар әрқашанда тік тұрып, басымызды иіп, тағзым ету баршамыздың парызымыз.

Ағамыздың Жәния атты қызының әкесі туралы қысқаша үзік ой толғамы. «Әкеміз 1924 жылы Бұхар Жырау ауданының Ақбастау ауылына қарасты Өрген Жал, Жанбас бұлақ жерінде туған. Он жасынан бастап Қарағандыда №1 кірпіш зауытында қара жұмысқа жегілді. Жұмыс істей жүріп оқуын да ұмытпады. Әкесі өндірістік жарақаттан өмірден ерте 1937 жылы өтеді. Отбасының ауыртпашылығы әкейге түседі. Күн, түн демей тынымсыз еңбектенген Инкар анасына баласы барынша көмек көрсетіп, 1941 жылы зауыттың көлік айдаушысы болып еңбек етеді. Ауыр еңбектің әсерін осы жерде санасына сыйғызады. 1942 жылы өзі сұранып соғысқа аттанды.

Отанымыздың бостандығы мен азаттығы үшін жанқиярлық ерлік жасап, майдан даласында шейт болғандар мен еліне аман-есен, мүгедек болса да оралғандардың, бүгінде арамызда жоқ соғыс ардагерлеріне басымды иіп, тағзым етемін. Олар бізге осы өмірді сыйлады.

Әкей өмірінің соңына дейін соғыстың қиян-кесті көріністері мен зардабын, бізге айтып отыратын. Жан жағымыздан, төбемізден жаңбырша жауған жаудың оғының ысқырған дауысы мен зілін естіп, осыдан сәл ғана бір минуттай бұрын сөйлесіп тұрған жолдасының оққа ұшып, өліп жатқанын көру қиынның қиыныақ. Командирдің бізге, сарбаздарға бір қадам артқа аттама, тек ғана Алға деген бұйрығы өмір мен өлім еді. Әкей өмірден өтерінен бір күн бұрын (94 жасқа қараған кезі) Сталинград майданын есіне алып, ертең 1 ақпан бұл ұлы шайқастың болғанына 75 жыл толады - деп, келесі күні, яғни, 1 ақпан 2018 жылы сағат 11.30-да үлкен жүрек соғысын тоқтатты.

Әкей секілді осындай азаматтардың халқының бостандығына өлшеусіз қосқан ерліктерінің арқасында қазіргі салтанатты ғұмыр кешіп жатқан ұрпақ олардың есімін ұмытпай, құрметтеу парыз. Әкейдің соғыстағы ерлігі Қарағанды облысы бойынша 5-7 сыныптың «Өлкетану» бағдарламасына енді. Бүгінгі ұрпақ балаларымыз бен немерелеріміз өткеннен үлгі алып, Отанын қорғауға дайын болып, шыңдалады деген сенімдемін.

Әкеміздің есімі халқымыздың жадында мәңгі сақталады» - деп Жәния сөзін аяқтады.

Кәмекең қайтадан құрылған Шет ауданын басқаруға 1964 жылдың желтоқсанында тура азаматтың

қамал алатын 40 жасында, қырған соғыстың қиындықтарын бастан өткізіп, бейбіт күнде лауазымды қызметтерді атқарып, өмірлік мол тәжірибе жинақтап, шындалған нағыз бекем жігіттік шағында құлшына аса жауапты жұмысқа кіріседі.

Кәмекеңнің басшылығымен Шет ауданы 1965-1980 жылдары Қарағанды, кейіннен Жезқазған облысында іргелі аудандардың бірі болды. Осы кезеңде жергілікті жұрттың әл-ауқаты біршама жоғары деңгейге көтеріліп, кеңшар орталықтарында, елді мекендерде, бөлімшелер мен қыстақтарды өндірістік бағытта және мәдени-әлеуметтік саласында құрылыс жұмыстары қарқынды жүрізілді. Аудан орталығында Ақсу-Аюлыда аудандық аупарткомның 2 қабатты әкімшілік үйі, 32 пәтерлі 16 тұрғын үй, 8 пәтерлі екі қабатты 5 үй салынды. Аудандық тұрмыстық комбинаты және байланыс пошта ғимараттары бой көтерді. Ақсу-Аюлы, Бұрма, Просторный, Красная Поляна, Талды, Кеншоқы елді мекендерде орта мектеп пен мәдениет үйлері салынып, халықтың пайдалануына берілді.

Кәмекеңнің тікелей басшылығымен 1977 жылы Красная Поляна ауылдық округіне қарасты «Бекет» бөлімшесінде «Шерубай Нұра» өзенін бөгеіп, су қоймасы салынды. Бүгінгі күні осы елді мекенде 900 гектар картофель, 2000 га егістік алқап суландырып, жыл сайын мол өнім алуда. Осындай игі істердің басында 16 жыл бойы ауданның басшысы болған Кәмекең ағамыз тұрды.

Ағамыздың соғыстағы және бейбіт өмірдегі көрсеткен ерліктері мен ерен еңбектері жөнінде көп айтуға да жазуға да болады. Әзірше, тоқтай тұрып, келешекте бұл бағытты қаламгер мен жазушылардың еншісіне қалдырайын.

Камали Жұматайұлының есімін аудан көлемінде жадымызда мәңгі сақтау үшін және жастардың патриоттық сезімін көтеру мақсатында Жеңісінің 80 жылдығына орай ауданның ардагер-ақсақалдары Ақой ЖББ орта мектебіне Камали Дүйсембековтің атын беруді және аудандық әкімдіктің ғимаратына ескерткіш мемориалдық тақта орнатуды сұрайды. Бұл ұсынысты Ақой ауылдық округінің тұрғындары мен аудан және облыс әкімдері қолдайды деген сенімдемін.

Есімі аңызға айналған дәуірдің тұлғасы, қоғам қайраткері, абыз ағаның жарқын бейнесі тарих парақтарынан өшпес орын алып, ұрпақ санасынан мәңгі ұмытылмақ емес.

Боранбай ЖҰМКИН.
Шет ауданының
Құрметті азаматы, “Құрмет”
орденінің иегері.